



## 7 Мамыр – Отан қорғаушы күні.

*By Asselya Abildayeva*

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый - құрмет көрсете отыра, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап ел күнтізбесінде жаңа мемлекеттік мерекелер пайда болды. Солардың бірі ел аумағы мен оның тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери күштердің – Отан қорғаушылардың кәсіби мерекесі болып табылады.

Бұл күн – Қазақстан қауіпсіздігі мен оны қорғауды, сондай-ақ тәуелсіздікке қауіп төнген сәтте кез келген сыртқы агрессиядан қорғап, бейбіт өмірді қамтамасыз ете алатын барлық әскери қызметшілер мен тыл қызметкерлеріне арналған. Осыған орай, Қазақстанның тұрғындары барлық ер-азаматтарды осы атаулы күнмен құттықтайды. Мерейлі мерекені ерекше атап, және өскелен ұрпаққа жақсы тәлім тәрбие көрсетуге ниет қылған, Калифорния Қазақ Орталығы аясында атаулы мерекеге концерт ұйымдастырдық. Орталықта білім алып жүрген қаракөз балдарымыз ұлттық аспаптарда күй тартып, ана тілінде әндер айтты. Сонымен қатар, Ұлы Отан Соғысқа қатысқан ата әжелері туралы әңгімеледі.

Іс-шара қазақ қоғамының дамуына үлес қосып жүрген барлық еріктілерге алғыс хаттар тапсырумен аяқталды.



## May 7-Veterans Day



There is a popular saying in our people: "A man is a defender of his country". We believe that the young generation, who will grow up with their morals, will faithfully serve the Motherland, paying tribute to the brave deeds of such people. Since the year of independence of Kazakhstan, new public holidays have appeared in the country's calendar.

One of them is the professional holiday of the military forces that ensure the security of the territory of the country and its citizens - defenders of the Motherland. This day is dedicated to all servicemen and frontline personnel who can protect Kazakhstan's security and defense, as well as independence from any external aggression, and ensure a peaceful life. On this occasion, residents of Kazakhstan congratulate all men on this special day.

Taking into account the high importance of the state holiday of Kazakhstan, as well as the role in the upbringing of the younger generation, the Center organized an event, devoted to the May 7. Our bright children studying at the center presented tunes on national instruments and sang songs in their native language. In addition, they talked about their grandparents who participated in the World War 2. The event ended with the awarding by letters of gratitude to all volunteers contributing to the development of the California Qazaq Community.



## Ұлт

**Шоқан (шын аты Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов** 1835-жылы қарашада Торғай мен Есіл даласының астасқан жерінде, Құсмұрын камалында туды. Оның балалық шағы Құсмұрын мен Сырымбетте өтеді. Ол жас күнінен туған табиғатын сүйіп, оны қағаз бетіне (суретке) түсіреді. Оның осындай бір топ суреттері ғылыми орындарда әлі де сақтаулы.



Атақты ғалым, кемеңгер ойшыл, от-жалынды азамат, офицер, ер жүрек саяхатшы Шоқан Уәлихановтың есімі жұртшылыққа мәлім. Ол Орта Азия мен Қазақстанды зерттеудегі асқан ұлы еңбегімен дүние жүзі жұртшылығы алдында аты шықты.

Шоқан өзінің саяси көзқарасында халықтың еркіндігін, бостандығын, прогресшіл жолмен дамуын көксеп өткен, осындай биік мақсатты арман етіп, сол мақсаттың жүзеге асуына өз еңбегімен үлес қосқан, туған халқының жарқын болашағын тілеген және бұл халыққа жарқын жолға түсудің дұрыс бағытын мезгеген ғалым болды.

Шоқан Уәлиханов шығармалары, ең алдымен, өз халқының тарихын, этнографиясын және фольклорын зерттеуге арналған. Мәселен, оның «Аблай», «Қазақтардың ертедегі қару-жарақтары», «Шона батыр», «Қазақ батырлары», «Қазақтардың ата-тегі», «Қазақтардың көшіп қонуы» атты еңбектері қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті жөнінде тұңғыш рет анық деректерге сүйеніліп жазылған ғылыми еңбектер. Ал, «Сібір қазақтарының сот реформасы жайында», «Даладағы мұсылманшылық», «Шаманизм сарқыншақтары» деген еңбектері оның теориялық ой-пікірінің шыңы болып есептеледі. Шоқанның прогрессивтік-демократиялық көзқарастары, ең алдымен, осы еңбектерінен айқын көрінеді. Шоқан өзін осы және басқа да еңбектерінде қаналған халықтың мүддесін қорғаушы, ағартушы-демократ ретінде танытады.

## The Nation

**Shokan (real name Muhammed-Khanafia) Shingisuly Ualikhanov** was born in November 1835 in the Kusmuryrn, at the intersection of Torgai and Esil fields. His childhood was spent in Kusmuryrn and Syrymbet. He loves his nature from youth and captures it on paper (picture). A group of his pictures are still preserved in scientific places.

The name of the famous scientist, brilliant thinker, ardent citizen, officer, brave traveler Shokan Ualikhanov is known to the public. He became known to the world public for his great work in the study of Central Asia and Kazakhstan.

Shokan was a scientist who, in his political views, longed for the people's freedom, progressive development, dreamed of such a great goal, contributed to the realization of that aim with his work, wished for a bright future for his native people, and determined the right direction for this people to move on a bright path. Shokan Ualikhanov's works are primarily devoted to the study of the history, ethnography and folklore of his people. For example, his works "Ablai", "Kazakh ancient weapons", "Shona batyr", "Kazakh heroes", "Kazakh ancestors", "Kazakh migration" are the first clear information about the history, ethnography and literature of the Kazakh people. And the works "About the judicial reform of the Siberian Kazakhs", "Muslimism in the field", "The charms of shamanism" are considered to be the peak of his theoretical thinking. Shokan's progressive-democratic views are evident, first of all, from these works. In this and other works, Shokan presents himself as a defender of the interests of the exploited people, an enlightened democrat. For example, in his work "About the judicial reform of Siberian Kazakhs", he reveals the alien nature of the judicial reform carried out by the tsarist authorities in the north-eastern part of Kazakhstan.

He openly says that it is not being done for the masses, but only for the interests of the rich and princes, sultans and lords. Therefore, Shokan is the first public figure to write about caste in Kazakh history. In his works "Shamanism's sardines" and "Muslimism in the Field" he explains the history of the origin of religion from a materialistic point of view and exposes the reactionary character of religion in general, including Islam, against the people. In this regard, Shokan is considered a warrior materialist and atheist who have no equal in Kazakh history.

## Салт

**Төркіндеу — қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі.**

Еліміздің болашағы - жас ұрпақты тәрбиелеуде, бірінші бесік - отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік - білім білім беру мекемесі, яғни баланың қоғамға өзіндік пайдасын тигізетін тұлға болып дамып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орыны - орта. Сондықтан да қазіргі заманға сай халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балдарымызға әрқашанда паш етіп отыру керекпіз. Мұның негізі «төркін» деген сөзден шыққан. Ұзатылған қыздың төркін жұртына арнаулы (ресми) түрде баруы «төркіндеу» деп аталады. Мұндай жағдайда қыздың барлық туған-туыстары оны қонаққа шақырып, құрмет көрсетіп, қалаған затын беріп риза етіп аттандыруға тиіс. Төркіндеу — әр қыздың парызы және ол бір-ақ рет төркіндеп баруға хақысы бар. Төркіндеудің халықтық, дәстүрлік маңызы зор және ол әйелдерге ғана тән ғұрып.



Қазақ салты бойынша ұзатылған қыз бір жыл өткеннен кейін ғана төркініне барып қайтады. Жыл аунамай төркіндеуді жаман ырымға балайды. Ерекше өлім-жітім, той-томалақ, ас бергенде болмаса, жыл толмай төркініне бармайды. Ұзатылған қыздың жыл аунап төркіндеуінің өзіндік жолы, сыры, мәні мағынасы бар. Төркініне жалғыз күйеу баланы ғана сопитып ертіп баруды ерсі көрген. Қайта сәбиді көтеріп, төркіндесе, әдемі жарастық, жақсы жол болады. Үшеулеп келген күйеу, қыз, жиенге арнап ақ сары бас қой сойып, үлкен той жасап береді. Күйеумен қызға, балаға төс, асық жілік арнап асады. Кетерінде жиенге қырық шыбар тай (кей жерде қырық серкеш) қызына бұзаулы сиыр, күйеуге шапан жауып ат мінгізеді. Қызына әсте сыңар мал бермейді, жағдайына қарай құлынды бие, қозылы қой, боталы түйе, лақты ешкі береді. Онысы - «күйеу үйден құры шықпасын», «бала жолы - бал» десе, енді бір жағынан сыңар мал бермеуі - қызымыз сыңар қалмасын, дәні арылмасын, жан жарынан айырылмасын ылғи да жұп жүріп, ұрпақты болсын дегені. Ал жыл өтпей, уақыт жетпей төркіндетпеуі - ұзатылған қыз жат жерге бауыр бассын, үйіне қайта берсе, төсегінен суып қалмасын деп отбасына сүйспеншілігі артсын дегені.

## Culture

**Torkindeu is a national tradition of the Kazakh people.**

The future of our country is in the education of the young generation, the first pillar is the family, parenting, and the second pillar is the educational institution as well as community that influence the development of a child as a person who will bring his own benefit to the society. That is why, in accordance with modern times, we should value the traditions and customs of our people, which have been passed down from generation to generation, as precious treasures and always show them to our children. The basis of this comes from the word "torkin". A special (official) visit of a betrothed girl to her family is called "torkindenu". In such a case, all relatives of the girl should invite her to visit, show respect, give her desired things and make her happy. Getting excited is every girl's duty and she has the right to get excited once. Torkindeu has great folk and traditional significance and it is a rite unique to women.

According to the Kazakh tradition, a girl who has been married should visit her home country only after one year. If there is no special death, feast, or meal, it will not go away until the year is over. There is a special way, a secret, a meaning for a girl who has married. Also, if she visits her relatives with her husband and kid it will be a lucky and desirable journey. A white sheep is slaughtered and a big feast is made for the husband, daughter and niece who come in threes.

She spends a lot of time with her husband, girlfriend, and child. When she leaves, relatives give the niece a cow with a calf and a cow with a calf for the daughter and a horse with a cloak for the husband. Parents usually does not give their daughter similar animals, but depending on the wellbeing, they give her a foal mare, a lamb, a she-camel, a kid goat. It is said that "so that the daughter does not leave her home empty-handed without presents", "the path of a child is honey", and on the one hand, it means that we should not give a similar animal, that our daughter should not be left alone, that she should not lose her husband, that she should always live in a couple and be fruitful. And the fact that the year does not pass, and the time is not enough, means that the married girl should visit native home only after one year in should pay more attention to new family, and her husband.

